

"Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 503 Заңы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

15-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Туроператорлар мен турагенттер лицензия алу үшін туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуы қажет. Сақтандыру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті